

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Менің сүйікті жемісім

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.12.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/87950/

Күні: 20.11.2020

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Мүсіндеу

Тақырыбы: «Менің сүйікті жемісім»

Мақсаты: Сөзу тәсілдерін пайдалана отырып, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру және ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету. Таза ұқыпты орындауға қол жеткізу.

Күтілетін нәтиже: Балалар сазбалшықты, кенетикалық құмды, тұзды қамырды пайдалана отырып, сүйікті жемістерінің мүсінін мүсіндей алады.

Қолданылған әдіс тәсілдері: Сұрақ жауап, әңгімелеу, (қызығушылығы) 4К (креативтілік, коммуникативтілік дамыту, сын тұрғысынан ойлау, командада жұмыс) әдістері

Көрнекілігі: тақырыптық суреттер, слайд, бейнеролик, құрылымдалған ойын ресурстары, ылған су майлықтар.

ҰОҚ Барысы

ҰОҚ кезеңдері Жоспарланған іс әрекет Ресурстар

I. Кіріспе кезеңі

Жағымды психологиялық Ахуал орнату

2-3 минут Сәлемдесу.

Ширату: жемістер туралы бейнеролик көрсету. Бейнероликте жемістер түрлерін таныстыру.

Ашық сұрақтар:

-Балалар бейнероликтен қандай жемістерді көрдіңдер?

-Оларды неліктен жемістер деп атайды екен?

-Жемістер қай мезгілде піседі?

Жарайсыңдар!

Балалар, бүгінгі мүсіндеу оқу қызметінде сендер осы бірнеше жеміс түрлерімен танысып өздеріңнің сүйікті жемістерің алма, алмұрт және апельсиннің бейнесін мүсіндейтін боламыз.

-Сендер мүсіндеуге дайынсыңдарма?

Балалар келген қонақтармен үш тілде сәлемдесті.

Экранға зейін қойып мұқият бейнероликті тамашалады. Көрсетілген жемістерді үш тілде атау.

Берілген сұрақтарға жауап беріп, белсенді қатысты.

II Негізгі бөлім

Топтық жұмыс

4К моделі: коммуникативтілік дамыту, сыни ойлау

Жеке жұмыс 4 К моделі сыни ойлау, бала үні (дербестігі, қажеттілігі)

Топтарға біріктіру:

Балалар фишкаларды алып, топтарға бірігеді.

I топ: «Алма» тобы

II топ: «Алмұрт» тобы

III топ: «Апельсин» тобы

Жаңа тақырып: Балалар экрандағы қысқаша бейне нұсқаулыққа назар аударамыз. Топтардағы мүсіндеу жұмыстарын алдарыңдағы үлгіге қарап отырып, алдымен бейне нұсқаулыққа қарап, түсініп алыңдар, топтардағы жұмыс түрлерін экранға назар аударып, зейін қойып мұқият тыңдаймыз.

Балалар, топтарыңдағы жұмыс үстеліне назар аударыңдаршы.

I топ. Алма жеміс пе көкөніс пе?

Дұрыс жеміс

«Алма» тобындағы балалар сазбалшықтың көмегімен алманың бейнесін мүсіндейтін боламыз.

II топ. Алмұрттың пішіні қандай?

Дұрыс алмұрт сопақша пішінді, топтағы балалар кенетикалық құмды пайдалана отырып, алмұрт бейнесін мүсіндейміз.

III топ Апельсиннің түсі қандай?

Дұрыс айтасыңдар, апельсиннің түсі қызғылтсары. Бұл топтағы балалар тұзды қамырда пайдалана отырып, апельсиннің мүсінін мүсіндейміз.

Жеке жұмыс:

I топ: «Алма» тобы сазбалшықпен алманын бейнесін мүсіндейді.

II топ «Алмұрт» тобы кенетикалық құммен алмұрттың бейнесін мүсіндейді.

III топ «Апельсин» тобы тұзды қамырдан апельсиннің бейнесін мүсіндейді.

Ортаға келіп кезек кезек фишкаларды алып топтарға бөлінді.

Топтардағы жұмыстарын бейнеролик арқылы тамашалайды.

Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысады.

-Алма жеміс!

-Алмұрт сопақша пішінді!

-Апельсиннің түсі қызғылтсары !

Балалар алдарына берілген материалдар арқылы өздерінің сүйікті жемістерін үлгі бойынша мүсіндейді.

III Қорытынды

Кері байланыс

Рефлексия Дидактикалық, қимылды ойын: «Сыйқырлы жеміс ағашы»

Барысы: Балалар сыйқырлы ағашта өсіп тұрған жемістер мен көкөністерді ажыратып, оларды атап, сипаттау.

Рефлексия: «Эмоциялық көңіл күй ағашы» әдісі

-Балалар бүгінгі оқу қызметіндегі тапсырмаларды қаншалықты жақсы орындағандарыңды қызыл, жасыл алмалар арқылы көрсетіңдер.

Жасыл түсті алма -мен жақсы орындадым.

Қызыл түсті алма -маған қиын болды.

Балалардың жасаған жұмыстарына баға беру, мадақтау және марапаттау. Көңілді смайликтер арқылы балалардың жұмысын марапаттау.

Жарайсыңдар, балалар!

Сау болыңыздар! Ойынға белсенді қатысып, сыйқырлы ағаштан терген жемісі мен көкөнісін атап, сипаттайды.

Берілген қызыл және жасыл алманы көңіл күй ағашына өз жасаған жұмыстарын бағалай отырып орналастырды.

Тәрбиешінің марапаттаған смайликтеріне қуанып, өз көңіл күйлерін сол смайликтегі бейне арқылы білдірді.

Келген қонақтармен қоштасты.

Қызылорда, 2020-2021 оқу жылы